

оның екінші сыңарының мағынасы шешуші мән атқарады: *ыратөмен* – төмен, төмен қарай (ыра - өте, тіпті мәнінде). Бірқатар күрделі сөз сыңарларының немесе олардың бір сыңарының мағынасы көмескіленіп, қазір жеке қолданылмайды. Мысалы: *таспаран қылу* – бекіту, мықтау, *батпақ садыра* – лайсаң, *шыны кебектену* – ақталу, ағару, осындағы таспаран, садыра, кебектену – жеке қолданылмайтын, дәл мағынасы қазіргі кезде көмескіленген сөздер.

Бірқатар күрделі сөздердің мағыналары өзара омонимдік сипатта болып келеді: *шоторақ* – кетпен әрі шалғы мәнінде, *жанагыши* – мәтке, арқалық, әрі арбаның жетек ағашы мәнінде қолданылады. Синонимдік қатынаста болып келетін диалектілік күрделі сөздер де баршылық: *ілу паранда*, *санда біреуде* – анда-санда. Кейбір күрделі сөздің сыңарлары өзара синоним жасайды: *әйнек шыны* - терезенің шынысы. Осындағы әйнек, шыны - өзара синоним сөздер.

Сөйленістердегі бірқатар күрделі сөздің неологизмдік сипаты бар. Кеңес заманында неологизмдер тек әдеби тілде ғана емес, сөйленістерде де пайда болды, бірақ олардың басым көпшілігі әдеби тілге енген жоқ. Әр түрлі тәсілмен жасалған неологизмдердің қатарында сөз тіркесі арқылы туған диалектілік күрделі сөздер аз емес. Мысалы: *аяқтай басшылық* – тікелей басшылық, *жаттыс күн* – демалыс күн, *аттан салу* – көмек көрсету, ат салысу. Кейбір неологизмдік күрделі сөздің сөйленістерде ауыспалы сипаты бар. Мысалы, *жар газеті* – қабырға газеті, *шара көру* – шара қолдану, батыс сөйленістердің бәріне тән дерлік. Бұл сияқты күрделі сөздер сөйленістерде ауызша және жергілікті баспасөздерде жарыса қолданылады: «жар газеттері ұйымдастырылсын» («Ойыл», Ақтөбе облысы ауданының газеті) т.б.

Сөйтіп, диалектілік күрделі сөздер туралы жоғарыдағы талдаудан жергілікті тіл ерекшеліктерінің белгілі дәрежеде дамып отыратынын байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нақысбеков О. «Қазақ диалектологиясы». Жинақ. Алматы, 1965.
2. Сарыбаев Ш. «Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері». 3-шығуы. Алматы, 1960.
3. З.Құрманалиев К. «Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер». Алматы, 1990 (мақалалар жинағы).
4. «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі». Алматы, 1999 жыл.

ЖАСТАР АРАСЫНДА ЖИІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН СЛЕНГ

Бүргеғұлова Ш.Қ., Тойгулиева А.Қ.

2 «Б», Филология: екі шет тілі; СДУ

Ғылыми жетекші: Абнасырова Райхан Жалғасбайқызы

Адамды жануардан айыратын факторлар—оның ақылы мен тілі. Тіл—адам баласының ішкі және сыртқы дүниесін ашатын бірден-бір құрал. Тілсіз өмір мәнісін айқындап, онда өз орнын табу мүмкін емес. Ғылымның, мәдениеттің тірегі—тіл, мейлін ол ағылшын, мейлін қазақ, мейлін суахили болсын. Әр халық өз тілін құрметтейді, қастерлейді. Өйткені ол—ұлт белгісі, дербестік көрінісі, тарих айнасы, ел болашағы. Сондықтан халық тіліне көзінің қарашығындай қарап, бөтен тілмен ластамай, жұмыр сақтауы тиіс.

Алайда, бұл мүмкін емес. Бұған себеп—тарихтың бір-бір беттері мен адам баласының тілді өз ыңғайына бұрып алуға тырысуы. Қазіргі тілдің стандарттық жүйеден ауытқуы, дәлірек айтқанда, түрлі сленг, жаргон, қос тілділік осының айғағы. Бұл феноменді алғаш зерттеп, еңбек жазған – француз лингвисті, Поль Лафарг («Тіл және революция» 1894ж). 20-30 жылдары Праж мектебі лингвистиканы зерттеу қорын айтарлықтай толықтырды. Бұл лингвистикалық мектептің негізгі тезисі—тіл мен әлеуметтік өмірдің тығыз байланысын көзден таса қылмау.¹

Ағылшын лингвисті Джон Спенсер және оның әріптесі Ричард Холл «Африкадағы тілдер», «Билингвизм және лингвистика» атты еңбектерінде бұл тезисті растай отырып, қос тілділікті мысал ретінде келтіреді. Ғалымдардың айтуы бойынша бұл құбылыс Екінші Дүниежүзілік Соғыстан кейін өрши түсті. Ол, соғыс зардабын ең көп көрген, Африка мен Азияда ғана емес, бүкіл әлемнің түкпір-түкпірінде орын алды. Мысалы, Канадада француз және ағылшын,

[¹] «Языковая ситуация и взаимодействие языков» // Сб.ст – Киев: Наукова думка, 1989 – стр. 76-133

Бельгияда француз және фламан, Швецарияда француз және неміс, Индияда һинди және ағылшын, ТМД елдерінде ана тілдері мен орыс тілі қатар қолданылады.¹

Қазақстанда қазақ тілінің беделіне нұқсан келтіріп тұрған феномен – орыс тілі. Бірақ, бұл – заңды құбылыс. II жарым ғасырдай орыс елінің қол астында болу – оңай шаруа емес. Мұнша уақытта тіл ғана емес, экономика мен этнос та сан құбылып, ықпал астына түседі. Бұл дилемманы бүге-шігесіне дейін зерттеп, белгілі еңбектер жазған тіл мамандары – А.Т.Қайдаров, В.А.Исенғалиев, Б.Х.Хасанов, А.Е.Карлинский, т.б. Олар қазақ-орыс қос тілділігінің әлеуметтік факторларын анықтап, орыс тілінің белгілі топтарда, жастар, интеллигенция, жұмысшылар, егде кісілер мен ересектер арасында қолданылуын толық зерттеген.

Қазіргі таңда кеңінен қолданылып жүрген “магазин”, “проезд”, “остановка”, “единицы”, “вообще”, “или”, “короче”, “аптека”, “ручка”, “привет”, “очки” сықылды жиі қолданылатын сөздер, түрлі жаргондар мен слэнгтер негізінен орыс тілінен енген. Бұлар жастар арасында кең тараған, әсіресе слэнг.

Слэнг (ағылшын тілінде slang; s(sub) – қосымша, екінші дәрежедегі маңыздылық; lang(language) – тіл. Сонымен slang – тілдің көмекші түрі) – белгілі топтарда қолданылатын өзгеше сөздердің күнделікті қолданыстағы сөздердің жаңа мағыналарының жиынтығы.²

Слэнгті жаргонмен шатастыруға болмайды. Жаргон көбінесе анайы мағына беріп, белгілі топтарда ғана қолданылады. Мысалы, түрмелерде, наркомандар мен ішкіштер арасында (кайф – кез-келген есірткі және ішімдік түрі; мочить – ұру, өлтіру). Ал слэнг сөздің мағынасын жұмсартыады, оны, айтарлықтай, барлық адамдар қолданады. Бірақ әр ұйымның өзіне тән слэнгі болады. Осыған байланысты слэнг медицина слэнгі, әскерлер слэнгі, скейтбордшылар слэнгі, радио және телевидение слэнгі, поляр слэнгі (Еуропадағы гейлер арасында), хакерлер мен програмистер слэнгі, жастар слэнгі және т.б. болып бөлінеді. Бұлардың ішінде ең көп қолданылатыны – жастар слэнгі.³

Мысалы:

1. Тема, грамотно (тақырыпқа сай) – бұл сөзді жастар көңілден шыққан жақсы затты сипаттау үшін айтады. Немесе күшті, өте жақсы деген мағынада қолданады. Мысалы: телеарнада, көшедеде жаңа, әдемі бір машина көрсе «қараш, тема машина екен» деп айтады.

2. Лафа(оңай, жеңіл) – белгілі бір істің немесе күнделікті өмірдің оңайлықпен өтуін айтады. Мысалы: ағылшын сабағының мұғалімі қатал болмағандықтан оқушылары бұл пәнді «лафа сабақ» дейді.

3. Хавчик, жрачка(ас, тамақ) – тағамға қолданылатын слэнг. Мысалы: жатаханада ұлдар бір-бірінен «хавчик бар ма?» деп сұрасып жатады.

Бесит(жынына тию) – бір нәрсеге қатты жынданғанда, қаны қарайып, жүйкесі жұқарып тұрғанда қолданылады. Мысалы: шөлдеп тұрған студент асханаға барып сусын сұрайды.

4. Ешқандай сусын болмағанын естіген ол, қатты қынжылып: «это меня бесит!» деп айтады.

5. Прикол(әзіл) – қызықты оқиғаға, әңгімеге қатысты айтылады. Мысалы: «прикол, екі апта бойы іздеп жүрген кілтімді, бүгін азанда аяқ киімімнің ішінен тауып алдым...»

6. Типа(сияқты, ұқсас) – жастар бұл слэнгті біреуге еліктеген, немесе сол адамның қылықтарын қайталааса, оларға осы слэнгті қолданады. Мысалы: Жұлдыз Америкада үш ай оқып келіп, достарының алдында ақылды сымақ қылықтарын танытқанда, оған достары «Жуля Америкадан келгелі, типа Эйнштейннің немересі сияқты болып кетіпті ғой» деді.

7. Штука, косарь,(мың), лимон(миллион) – ақшаға қатысты айтылады. Мысалы: Ұлан сыныптастарының тауға шыққалы жатқанын естіп, Азаматтан қанша ақша керек екендігін сұрағанда, ол оған «две штуки жетіп қалар» деді.

8. Стопудово(нақты, дәл солай) – бір істің нақтылығын, ойдың дәлділігін айтқанда қолданады. Мысалы: Ренат футболдың қызығына тоймаған күйі «Стопудово! Бүгінгі ойынды Реал Мадрид женеді!» деп, Русланмен бәсекелесуде.

[1] Croft, William (2000) *Explaining Language Change: An Evolutionary Approach*. Harlow: Longman: 75-6.

[2] <http://en.wikipedia.org/wiki/Slang>

[3] Beard, Robert (2006) *What is Slang?* alphaDictionary.com, http://www.alphadictionary.com/articles/what_is_slang.html.

Мысалы: Алибек Елдардан татарларға байланысты тапсырған жұмысының қал-жағдайын сұрағанда, Елдар оған «Ой! Алике сіз де сұрайсыз-ау! Біз бұл істі уже баяғыда забили» деп жауап берді.

9. Красавчик(жарайсың) – бір істі ойдағыдай, керемет орындаған адамға мақтау ретінде айтады. Мысалы: Наурызда Руслан түрікше рэп оқығаннан кейін, университеттегілердің бәрі оны «Красавчик, молодец!Күшті айттың!» деп мақтау сөздерін айтысып жатты. Без базара(сөзсіз, әрине) – белгілі бір іске толық келіскенде айтылатын ой. Мысалы: сабақтан берген тапсырманы істеуге ноутбук қажет болғанда, Асхаттан сұрағанымыз сол еді, ол
10. бізге «без базара, алыңдар, беремін ғой» деді.
11. Отстой(жаман, ұсқынсыз) – адамға байланысты айтылады. Мысалы: Жанна өз досының жағымсыз қылықтарына қарай отырып «сен де бір жүрген отстой екенсің...» деп ренішін білдірді.
12. Забить(істі аяқтау) – белгілі бір істің аяқталып біткеннен кейін айтылатын сленг.
13. Стукнимся(кездесеміз) – екі адамның кездесу туралы келісуі. Мысалы: Дәулет көп ойланды, бірақ соңында Самалға келіп: «бізге сөйлесу керек, давай ертең сағат бесте стукнимся» деп бетіне бірақ айтты.
14. Двинутся(жүріп кету) – іс қимылдың «кеттік, жүр» деген мағынасын білдіреді. Мысалы: кеш батысымен Мөлдір орын таппады, Лейлаға «может двинимся, сағат сегіз боп қалды ғой!» деп тыныш таппады.
15. По натуре(шынымен) – бір нәрсенің шындылығын айқындайтын сленг. Мысалы: Мегада болатын студенттік жеңілдік аптасына бір рет емес, екі рет болатынын естіген Әсел Индираға «по натуре, аптасына екі рет!» деп, қуануда.
16. Шар, зубрила, зверь(оқымысты) – адамның ақылды, білгір екендігін білдіретін сленг. Мысалы: инженер факультетіндегі көптеген студенттер бір-біріне «мәссаған, мына есептің жауабын шығарыпсың ғой! Зверь! Ну ты шар!» деп тандасуда.
17. Хата(үй) – жастар арасында үй сөзінің екінші мағынасында қолданылатын сленгі. Мысалы: Альбина Дәуреннен келесі тусовка қай жерде болатынын сұрағанда, ол оған «наверное хатада болатын шығар» деген болжамын айтты.
18. Предки, родаки(ата-ана) – жастар ата-аналарын айтқанда осы сленгті қолданады. Мысалы: Радмиляның ата-аналары кете салысымен, достарына телефон шалып, «родактар Астанаға кетті, ертең вечеринка жасаймын!» деп бәрін хабарландырды.
19. Забить косяк(темекі шегу) – темекі шегу, темекі тарту сияқты іс-қимылдардың орнына қолданатын сленг. Мысалы: филология факультетінің алдына студент балалар жиналып, «давай забьем косяк, әлі сабаққа он минут бар ғой» деп сөйлесіп жатады.
20. Чакушка, стопарь(бір стакан арақ) – ішімдіктің белгілі бір мөлшерде қолданылуын айтады. Мысалы: жастарға алкогольді ішімдік зиян деп қанша айтса да, олар өздерінің арасында «кел, бір чакушкадан тартып салайық!» деп өздерінің денсаулықтарын құртууда.
21. Бабло, капуста, зеленые(ақша) – ақшаның жастар арасындағы екінші мағынасындағы сленг. Мысалы: қарындары өмірі ашып жүретін лицейдің оқушылары бір-біріне «бабломыз болғанда ғой шіркін, мына супермаркетті сатып алушы едік...» деп армандайды.
22. Прикид(киген киім) – адамның жаңадан киіп алған киіміне қарасты айтылған. Мысалы: барахолкадан неше түрлі киімдер алған Әйгерімге, қыздар «прикидің күшті екен!Мынаны қаншаға алдың» деп сұрастырып жатыр.
23. Движняк, пробивной(пысық) – ісіне пысық, керек нәрсенің бәрін табалатын адамға айтылатын сленг. Мысалы: апта сайын болатын жұма күнгі жиналыста Алибек «бізге движняктар мен пробивнойлар өте қажет» деп айтып өтті.
24. Понтарез(мақтаншақ) – көкірегін көтеріп, мақтаншақтық қасиетін көрсететін адамға айтылатын сленг. Мысалы: универдің алдында өлеңді айқайлатып, машинамен ары-бері жүретін студенттерге сырт көзбен қарағандар «мына понтарездер көзге күйік болды ғой, а!» деп жақтырмайды.
25. Поймать столбняк(ойланып қалу) – оқыстан ойланып қалған жағдайды айтады. Мысалы: жолда кетіп бара жатқан Виталий ойламаған жерден орнында тұрып қалды, сонда оған досы «Ей, саған не болды! Столбняк поймал?» деп сұрап қоймады.
26. Тусовка(отырыс) – жастар туған күнге, мейрамға жиналып жасаған отырысын осы сленгпен айтады. Мысалы: университетімізде инженерлер жиі отырыс жасағандықтан, студенттер олардан «келесі тусовка қашан болады?» деп сұрастырып жатады.
27. Угарать, ржать(қатты күлу) – бір нәрсеге қатты күлгенде осы сленгті қолданады. Мысалы: ТЮЗ-да болған КВН-нен кейін тарасқан халық «бүгін әбден угарать еттік қой!» деп мәз болып тарасуда.

28. Врубаться(түсіну) – бір нәрсеге қатты ойланып, енді ғана түсінгенде осы сленгті пайдаланады. Мысалы: Елена жарты сағат айтып жатқан есебін бір уақытта «ну врубились?» деп оқыстан сұрақ қойып қалды.
29. Ништяк, клево, пантово(өте жақсы) – адамның көңіл күйінен шығатын керемет, тамаша, өте жақсы сияқты сөздердің орнына қолданады. Мысалы: Мегада көрсетіп жатқан «Человек паук 3» фильмінен шыққан адамдар «клевый кино екен!» деп таңғалууда.
30. Труба, мобила(ұялы телефон) – жастар арасында ұялы телефонға байланысты айтады. Мысалы: Әйгерімнің досының жыны ұстап «айналайын, мобилаңды қосып ұстап!» деп айкайлап берді.
31. Гнать(өтірік соғу) – сөз арасында өтірік, жалған сөз айтып, алдаған жағдайда осы сленгті қолданады. Мысалы: Дамирдің көзі жыпылықтап, күлімдеп тұрғанда, Шыңғыс оған «Гонишь что ли? Шыныңды айтсайшы!» деп сұрап қоймады.
32. Слить, свалить(қашып кету) – белгілі бір жерден құтылу, қашып кету сияқты жағдайларда қолданатын сленг. Мысалы: Рахилия аузы ашылып тындап тұр. Сондағы Алияның айтқан сөздері «кеше общагадан свалили, сосын қалай кірерімізді білмей тұрғанда, артымыздан ырылдаған ит шап берді...»
33. Фуфло(сапасы төмен) – тек затқа айтылатын, сапасының нашарлығын білдіретін сленг. Мысалы: жанадан алған фотокамерасын көрсетіп жатқан Ракулға, Асқар «мынауың просто фуфло ғой» деп бетіне айтып салды.
34. Рамсы(төбелес) – жастар арасында болатын төбелесті осы аталған сленгпен айтады. Мысалы: Линар Америкадан келген досына «Қазақстанда ең көп рамсы болатын қала – Тараз, так что ол жаққа баруға лучше не стоит» деп, әр қалаға сипаттама беруде.
35. Нереально(мүмкін емес) – оқиғаға немесе кез-келген жағдайға таңқаларлықтай сезімін білдіруде қолданатын сленг. Мысалы: Раушан өз жұмыстарының көптігін түсіндіргісі келіп, інісіне «бүгін менде нереально жұмыс көп, сондықтан мен саған көмек бере алмаймын» деді.
- Сленг жастар арасында өте жиі қолданылады. Біз жоғарыда оның тек біразын мысал еттік, негізінен сленг өте көп. Ол – қажетсіздік астында қажеттілікке айналған сөз. Біздің парықты-коркем ана тіліміздің сөздік қорында сленгтің орнына тиесілі сөздер жетерлік. Алайда, біз оларды қолданудан тартынып, орыс тілінен енген сленгтерді жиірек қолданамыз. Мұның бірден-бір себебі - жастардың дағдарыста, екі тілдің толқынында адасып жүргені. Үшан теңіз суда өз кемемізді дұрыс бағытқа салмасак, күзга немесе жарға соғысып, бағдарымыздан адасып, болашағымыз бұлдыр елес болып қалуы мүмкін. Сондықтан есінді жый, қазақтың есіл ерлері!

Қолданылған әдебиет тізімі.

1. «Языковая ситуация и взаимодействие языков» // Сб.ст – Киев: Наукова думка, 1989 – стр. 76-133
2. Croft, William (2000) *Explaining Language Change: An Evolutionary Approach*. Harlow: Longman: 75-6.
3. "<http://en.wikipedia.org/wiki/Slang>"
4. Beard, Robert (2006) *What is Slang?* alphaDictionary.com, http://www.alphadictionary.com/articles/what_is_slang.html.
5. Серебрянников Б.А. «Роль человеческого фактора в языке. Язык и мышление» // Москва: Наука, 1988.
6. «Проблемы двуязычия и многоязычия» // Сб.ст. Москва: Наука, 1972
7. «<http://www.acbro.org/a19.htm>»
8. Guy L. Steele, Eric S. Raymond (1996). in (ed.): *The New Hacker's Dictionary*, 3rd edition, MIT Press.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ АУРУ АТАУЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ТАБУЛАР

Шойынбет Маржан

Қазақ филологиясы, 3 курс

Ғылыми жетекші: Ордабекова Х.А.

Сөз магиясына сену мен әр түрлі әлеуметтік себептердің негізінде қалыптасқан тыйым салынатын сөздердің ерекше бір тобы ауру атауларымен байланысты. Бұл – көптеген халықтарда кездесетін өте кең таралған этимологиялық құбылыстардың бірі. Әсіресе, **обашенек, қызылша, безгек, тоналаң, мәлік** т.с.с. тез тарайтын әрі адамдар мен малдарды жаппай қырғынға ұшырататын қатерлі дерттердің атын атау сол ауруларды шақырады немесе